



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады



www.7-su.kz

YouTube



Jetisugazeti



Jetisu2002@mail.ru

КЕҢЕС

АУЫС-ТҮЙІС

ВАКЦИНА – ІНДЕТТІ ТОҚТАТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ онлайн тәртіпте корона-вирус індетіне байланысты кеңес өткізді. Оған орталық мемлекеттік органдардың басшылары мен аймақ әкімдері қатысты. Жиында «COVID-19» ауруына шалдыққан азаматтардың көбеюіне қарай елдегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралып, халықты вакциналау сөз болды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аталған мәселелер бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой баяндады. Белгілі болғандай, әлемде «COVID-19» ауруының таралуы күшейіп, өлім-жітім көбейе түсуде. Бүгінде әлемнің 221 елінде 129 млн.-нан астам КВИ жағдайы тіркелген.



Өлім көрсеткіші 2,2 пайызды құрады. Биылдың қаңтарында сырқаттанушылықтың жалпыөлемдік статистикасы аздап төмен-

дегеннен кейін ақпан айынан бастап тұрақты өсу үрдісі байқалды. «Соңғы 10 күнде елде КВИ жұқтырған 15 156 адам тіркелді, наурыздың

басымен салыстырғанда сырқаттанушылық деңгейі 2,0 есеге өсті. Әсіресе Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында, Алматы, Ақтөбе,

Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында науқас саны көп», – деді Алексей Цой.

1 сәуірдегі жағдай бойынша КВИ жұқтырған науқастарға медициналық көмек көрсету үшін республикада 25 893 төсек-орын бар, 258 инфекциялық стационар тартылған. Оның 33 пайызында пациент жатыр. Реанимациялық төсек-орын саны – 2394. «Наурызда да өлім-жітімнің өсуі байқалды, КВИ-ден 288 науқас қайтыс болды, оның ішінде соңғы 2 аптада өлім-жітім 2,7 есеге өсті. Наурыз айындағы өлім-жітімнің 74 пайызы Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында болған», – деді министр. Сондай-ақ, ол вирустың таралу жылдамдығы вирус геномындағы өзгерістермен байланысты екенін айтты.

(Соңы 2-бетте)

ҮНҚОСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ еліміздегі коронавирустың індетіне байланысты өткізген кеңесі көптен күпті болған көңілімізді жайландырып, болашаққа сеніммен қарауға күш берді.

КҮПТІ КӨҢІЛ ЖАЙЛАНДЫ

Шынында былтырдан бері қалыптасқан эпидемиялық ахуал әркімді де ойландырып, келешекке күмәнмен қарай бастағандай күйге түсіргені жасырын емес. Оның үстіне әлеуметтік желілерді кезген жел сөздер мен негізсіз мәліметтер кімді болса да күдікке жетелейтіні анық. Осыны ескерген Президентіміз әлемде жұқпалы дертке қарсы күрес толассыз жүріп жатқанын, оның ең тиімді жолы вакцина салдыру екендігін ерекше атап өтті. Мысал ретінде Израильде, Біріккен Араб Әмірліктері мен Қытай Халық Республикасында қолға алынатын жатқан шаралардың нәтижесін айтқан Мемлекет басшысы ауру жұқтырғандардың қатарын азайту үшін елімізде 47 мың адам ғана иммунитет қалыптастырудың толық курсынан өтуі әлі де ел ішінде сенімсіздіктің белең алғанын көрсететінін ұғындырды. Өйткені, ең бастысы – халықтың денсаулығын қорғау ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысты екені белгілі.

Бұдан соң Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың жұмысына сын айтқан Қасым-Жомарт Кемелұлы қазіргі жағдайды жақсарту үшін тынымсыз еңбек ету керектігін алға тартты. Ол үшін ең алдымен вакцина салдырудың тиімділігін халыққа дұрыс жеткізіп, дұрыс түсіндіру қажет. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының тұрғындарын вакцина салдыруға шақырған Президент азаматтық парызға адалдық таныту керектігін ұғындырды.

Қазір коронавирус өзгеріске ұшырап, мутацияланғаны жиі айтылуда. Яғни, күн өткен сайын жұқпалы дерт жанаша сипат алып, өзгеріп жатқаны анық. Сондықтан, елімізде өзгерген үш бірдей штамның расталғаны көптің көңілін қайтадан алаңдатып отыр. «Көппен көрген – ұлы той» десек те, мұндай ауыр жағдай халқымыздың басына түсіп көрмеген. Сол себепті, бір-бірімізге жанашырлықпен қарап, шектеулерді дұрыс түсініп, еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды жеңілдетуге үлес қосуға шақырамын.

Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ,
ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР
ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

ӨМІР КЕПІЛІ

Әлемді әбігерге салған коронавирустық инфекцияның толықтай емі әзірге табылар емес. Облыста карантин талаптары жеңілдетілгенімен қауіп сейілген жоқ. Бетперде тағып, арақашықтықты сақтау және көпшілік орынға бармау талабы күшінде. Мамандардың айтуынша, тығырықтан шығудың жалғыз жолы – вакциналау. Бұл мақсатта Қазақстан ресейлік «Спутник V» вакцинасын таңдап, елде екпе науқаны басталып та кеткен болатын.

Еңлік АРЫҚБАЙ

Науқан басталған күннің ертесі-ақ облысымыздағы медицина қызметкерлері коронавируска қарсы екпені салдырды. Дәрігерлермен қатар билік басындағы азаматтар да өз белсенділіктерін танытты. Әуел баста осы мақсатқа 1-ші компонентті 14850 вакцина жеткізілді. Келесі кезекте 2-ші компонентті екпенің 11350 данасы әкелінді. Сала мамандары екпе жұмыстарына дайындықты алдын ала жүргізіп, Талдықорған қаласындағы екі емхананың базасын қажетті деген құрылғылармен жабдықтаған-ды.

Облыста, оның ішінде Көксу ауданында алғашқылардың бірі болып аудандық емхана-

ның салауатты өмір салтын қалыптастыру кабинетінің меңгерушісі Еділ Тоқанов коронавируска қарсы екпе салдырды. Ол аудандық емханаға барып, екпе алдында дәрігерге тексерілді. Қарсы көрсеткіштер анықталмағандықтан ерікті түрде вакцина қабылдады.

– Жұмыс бабында көптеген адамдармен кездесетін болғандықтан бұл менің денсаулығым үшін маңызды. Мен үнемі вакцина қабылдап келе жатқан адаммын. Бәріміз де пандемияны еңсеріп, қалыпты өмірге оралғымыз келеді. Ал, мұның жалғыз жолы – вакциналау. Жыл сайын мыңдаған адам ЖРВИ-ге қарсы вакцина қабылдайды. Бұл да сол секілді екпе. Бұдан қорқудың қажеті жоқ, – дейді Е. Тоқанов.

Облыстық денсаулық сақ-

тау басқармасының мәліметінше, аймақта ерікті түрде екпе салдыруға 18221 адам келіскен. Жалпы вакцина қабылдайтын 52 екпе кабинеті жасақталған. Қазіргі таңда 30 екпе бекеті және 27 қозғалмалы бригада дайын тұр. Медицина мекемесінде 68 мұзды камера мен 117 термомонитор бар.

Бүгінде 13363 адам бірінші компонентін қабылдады. Оның 4 858-і екі компонентті салдырған. Алдағы уақытта бірінші компонентті 10 000 доза, екінші компонентті 3500 доза әкелінеді деп күтілуде.

Пандемия кезеңінде бүкіл әлем өзін-өзі оқшаулау мен карантинге жалғыз балама-вакциналау екенін түсінгендей. Өйткені, 2020 жылдың желтоқсанынан бастап әлемнің түкпір-түкпірінде жаппай егу науқаны қызу жүріп жатыр. Еуроодақ елдері «AstraZeneca» мен «Pfizer» компанияларының препараттарына, Мысыр мемлекеті қытайлық «Sinopharm» компаниясының вакцинасына сұраныс берген. Әлем елдерінде өндіруші компаниялар вирускқа қарсы препараттарды уақытында жеткізе алмай, сотқа шағымдануға дейінгі әрекеттерге баруда. Өйткені, бұқара арасында сұраныс күрт артқан...

ЕРІКТІ ТҮРДЕ

Талдықорған қаласындағы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі, азаматтық қорғау аға сержанты Жандос Абуев коронавируска қарсы ерікті түрде вакцина салдырды. Ол «Нұр Авиценум» емханасында екпе алдында дәрігерге тексеріліп, қарсы көрсеткіш анықталмаған соң ерікті түрде екпе ектірді.

Вакцинация сауалнаманы толтырудан басталады. Ол жалпы жағдайды және созылмалы ауруларды сипаттайды. Содан кейін науқасты дәрігер тексереді. Егер қарсы көрсеткіштер болмаса, онда адам вакцинациядан өтеді.

– Алдымен денсаулығымызды тексеріп алдым. Дене қызуым, қан қысымым барлығы қалыпты жағдайда болып, рұқсат етілді.

Жарты сағат COVID-19-ға қарсы екпе егуден кейінгі күту залында мамандардың бақылауында болдым. Қазір жағдайым жақсы. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген. Бүгінгі таңда коронавирустан сақтанудың бірден-бір жолы – осы екпе болып тұр. Осы кезге дейін дертке қарсы өзге де вакциналарды үзбей алып жүрдім. Сол үшін аса қорқынышты болған жоқ. Өзімді, отбасымды, айналадағы адамдарды сақтаудың, қорғаудың жолы осы болғандықтан азаматтық міндетімді орындадым, – дейді Жандос Абуев.

Сондай-ақ, Жандос Мұхтарұлы вакциналаудан қорықпау қажеттігін айтады. Жандостың екпе алғанының бірден-бір себебі – кішкентай сәбиі Жағангердің денсаулығына алаңдауы. Одан бөлек, пандемияны женудің бірден-бір жолы – инъекция қабылдап, болашаққа сенімді болу екенін жеткізді.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында екі емхана базасында екпе егілуде.

Қали АСҚАР

Қаратал ауданы облысы бойынша ірі өңірлердің бірі. Аграрлы аудан саналатын қасиетті аймақ ел экономикасына сүбелі үлес қосып, Алматы облысының дамуына өлшеусіз еңбек етуде. Осындай көрсеткіші бар ауданға жаңа басшы тағайындалды.

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Ришад ТҮРҒАНБАЕВ

Әкімдіктің мәжіліс залына аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудан активі жиналды. Қазіргі жағдайға байланысты карантиндік шара талаптары сақталып, аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Мәслихат сессиясына облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысып, жаңа әкімнің кандидатурасын ұсынды.

Сессияны аудандық мәслихаттың хатшысы Жандос Теңелбаев жүргізіп, жиында депутаттардың онлайн режимде толық қатысып отырғандығын айта келе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес аудан әкімі лауазымына тағайындаудың мәслихатпен келісу тәртібімен жүзеге асатынын жеткізді.

Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бұлдыбаевтың басқа қызметке ауысуына байланысты аудан әкімі лауазымына ұсынылған Ерлан Шойұлы Исабековтың кандидатурасын мәслихат депутаттары бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Амандық Ғаббасұлы бұған дейін әкім қызметін атқарған Қайрат Бұлдыбаевқа алғысын білдірді.

«Өзі қызмет еткен кезеңде Елбасының және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын мерзімінде орындап, аудан экономикасының өрлеуіне бар күшімен жұмыс істеді», – деп, алдағы уақытта жаңа қызметінде де абыройлы жұмыс істеуіне тілектестігін білдірді.

Жаңа басшы Ерлан Шойұлы жайлы да айтып, жұмысына сәттілік тіледі.

Ерлан Шойұлы Қаратал өңірінің тумасы, 1977 жылы дүниеге келіп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін қолданбалы математика мамандығы бойынша бітірген, осы университеттің магистратурасын және 2012 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-тың Джорджтаун университетін тамамдаған. Еңбек жолын қарапайым мұғалімдіктен бастап, министрлікте және Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімі қызметтерін атқарған. Осындай өмірбаяндық деректерді айта келе Ерлан Шойұлына жаңа міндеттер табыстап, аудан активімен және мәслихат депутаттарымен бірлесіп жұмыс атқаруды тапсырды.

Одан кейін Қайрат Бұлдыбаев ортаға шығып, аз ғана уақыт қызмет атқарған Қаратал ауданының активі мен депутаттарға және Амандық Ғаббасұлына алғысын айтып, алдағы уақытта да жұмысқа бар күш-жігерін арнайытынын жеткізді. Жаңа тағайындалған Ерлан Исабеков тапсырылған сенім үлесінен шығатынын жеткізіп, аудан активімен бірлесіп жұмыс істеймін деп уәде берді.

Жиын соңында ауданның құрметті ақсақалы, ардагер ұстаз Құдайбергелі Әміренов ақ басын арнап, азаматтарға алғысын білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Ерлан Шойұлы Исабеков Қаратал ауданының әкімі лауазымына тағайындалды.

Ерлан Шойұлы ИСАБЕКОВ

1977 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде және «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-тың Джорджтаун университетінде оқып, математика, қолданбалы математика саласының маманы мамандығын және математика, экономика магистрі ғылыми дәрежелерін алған.

Еңбек жолын Алматы қаласындағы №131 мектеп-лицейінде математика мұғалімі болып бастаған. Өр жылдарда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрлігі сараптама және болжау департаментінің жетекші маманы, бас маманы, бөлім басшысы, кенедік кірістер департаментінің бөлім басшысы, басқарма бастығының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кенедік бақылау комитетінде бөлім басшысы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі әлеуметтік-экономикалық бөлімінің бас сарапшысы, Республикалық бюджеттік атқарылуы бақылау жөніндегі есеп комитетінің жинақтау-сараптама, методология және талдау, талдау және есеп, Қаржыны басқаруды мемлекеттік бақылау бөлімдері менгерушілерінің орынбасары, жұртшылықпен байланыс және сыртқы байланыстарды үйлестіру бөлімінің менгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарды.

2018 жылдың сәуірінен – Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімі.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Қайрат Найманбайұлы Бұлдыбаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қаратал ауданының әкімі лауазымынан босатылды.



Приложение 2
к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404
Форма 1

Table with 2 columns: Наименование организации/Вид деятельности, Товарищество с ограниченной ответственностью «Каратал Транзит»

Бухгалтерский баланс
по состоянию на 31 декабря 2020 года

Main balance sheet table with columns: АКТИВЫ, Код строки, На конец отчетного периода, На начало отчетного периода

Director: Ажимуратов Б. А. (фамилия, имя, отчество)
Главный бухгалтер: Хоняк О. В. (фамилия, имя, отчество)

Приложение 3
к приказу Министра финансов
Республики Казахстан
от 28 июня 2017 года № 404
Форма 2

Table with 4 columns: Наименование показателей, Код строки, За отчетный период, За предыдущий период

ПРОТОКОЛ № 10
от 29 марта 2021 года
Место проведения: Алматы, ул. Меду, 7
Начало проведения: 10.00 ч.
Окончание проведения: 11.00 ч.

раммы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателя эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами.

Был заключен договор на оказание услуг по передаче и/или распределению электрической энергии на 2020 год со следующими юридическими лицами:

делению электрической энергии 168 452,76 тыс. тенге, расходы периода составили – 106 219,41 тыс. тенге.

4. Приобретение Мегаомметра ЭСО 202/2-Г.
5. Приобретение Универсальной испытательной комплексы для проверки и наладки устройств релейной защиты и автоматики (в комплекте).

Повестка дня: Проведение слушаний отчета о деятельности ТОО «Каратал Транзит» за 2020 год.
Исполнение пункта 6 статьи 25 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» от 27.12.18 года, согласно которому субъект естественных монополий не позднее 1 августа календарного года и 1 мая следующего календарного года проводит отчет по итогам полугодия и года об исполнении утвержденной инвестиционной про-



✓ФУТБОЛ

Қазақстан құрама командасы 2022 жылы өтетін футболдан әлем чемпионаты ойындарының іріктеу кезеңін бастап кетті.



«D» тобына түскен ұлттық құрама бірінші ойынды өз алаңында өткізді. Елорданың жасыл алаңында отандастарымыз футболдан әлем чемпионы саналатын Франция құрамасын қабылдаған. Үздіктермен өткен ойында ұлттық құрама жеңіліс тапқан болатын. Қақпасына екі доп өткізіп қойған Талғат Байсуфиновтың шәкірттері қажетті үш ұпайға қол жеткізе алмаған еді. Мұнан кейінгі екінші ойынды сырт алаңда өткізді. Команда капитаны Азат Нұрғалиев бастаған футболшылар Киевтің олимпиадалық стадионына жол тартқан. Украинаға қонаққа барған біздің футболшылар жаман ойын көрсеткен жоқ. Жасыл алаңға шыққан әрбір ойыншы жеңіс үшін барын салды. Қарсылас Украина командасы да қарап қалмады. Атақты А. Шевченко жаттықтыратын Украина командасы біздің командаға дейін Франция құрамасымен тең түсіп қоржынына бір ұпай еншілеген. Ал Қазақстан құрамасын оңай жеңеміз деген болу керек, алғашқы минуттарда ойынға айтарлықтай рең қоса алмады. Кездесудің 20 минутында Украина құрамасының шабуылшысы Роман

УКРАИНАМЕН ТЕҢ ТҮСТІ

Ришад ТҮРҒАНБАЙ

Яремчук гол соғып, С. Покатилев қорғаған қақпадан саңлау тапты. Осылай асықпай жүріп, қонақтарды қалпақпен ұрып аламыз деген украиндықтардың ойлағаны іске аспады. Бірнеше рет алаң иелері қақпаны дәл көздегенімен Стас Покатилев қақпаны қорғап қалды.

нұтында капитан Азат Нұрғалиевтан нәтижелі пас алған жетісулық Серікжан Мужиков қақпаны дәл көздеді. Айып алаңының сыртынан тоғыздықты нысанаға алып, қақырата тепкен добын Украина қақпасының торында тұлғатты. Есепті теңестірген жерлер оған ары жігерлене түсті. Алғашында жасыл алаңға үйренісе алмай ойындары кібіртіктей берген Қазақстан құрамасы таразы басы теңескеннен кейін шабуылдары қарқынды түсті.

лей алмады. Ұлттық құрама ойыншылары таразы басы теңескеннен кейін қорғанысқа қатты көңіл бөлді. Берілген мүмкіндіктен айырылып қалмаудың қамын ойлаған қазақстандық футболшылар қорғанысты мықтап бекітіп, қауіптің бұлтын сейілтпін отырды. Арасында шабуыл өтпін де шығып, есепті еселеуді ойлады. Алғашында қонақтарды қосынған Украина бапкері артынан үздік ойыншыларын алаңға кезек кезегімен шығарғанымен ойынға өзгеріс әкеле алмады.

✓ЖЕКПЕ-ЖЕК

РАСУЛДЫҢ ЖЕҢІСІ

Ақтөбе қаласында өткен жекпе-жектен балалар мен жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионатында Талдықорған қаласындағы №17 орта мектебінің 8-сынып оқушысы Расул Айдынұлы 36 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды.



Суретті түсірген Асина ҚАЖЕКЕ

Алма ЕСЕНБАЙ

Чемпионатқа еліміз бойынша 500-дей спортшы қатысып, облысымыздан 40 шақты жас спортшы бақ сынаған. Солардың ішінен Расул топ жарып, чемпион атанып отыр. Жас спортшының ендігі арманы – Азия, әлем чемпионаттарында бақ сынау.

жеткін түрлі әдіс-тәсілдерін меңгердім. Жаттықтырушы Нұрлан ағай жекпе-жектің қырсырын үйретті. Өзіме спорттың қай түрі болса да ұнайды. Сондықтан бұған қосымша самбо, дзюдо, жужуге қатысып жүрмін. Жекпе-жектен республиканың екі дүркін чемпионы болсам, самбо, дзюдодан облыс чемпионымын. Ал, жекпе-жектің бір ұнайтыны мұнда күрес, ұру, тебу, қықылдыру, төбелестің түрлі әдістері қамтылған, – деді бізге берген сұхбатында Расул.

Ал Расулды кішкентай кезінен баптап жүрген жекпе-жек ұлттық спорттың Алматы облысының аға жаттықтырушы Нұрлан Аманқұлов әр спортшының жетістікке жетуі өзінің еңбектеніп, тер төгуінің арқасы деп біледі. Әріне, бұл тұста жаттықтырушының да еңбегі зор. Спорттан еш хабарсыз баланы баулып, баптап, рух, дем беріп, түрлі қимыл, әдіс-тәсілдерге үйрету оңай іс емес. Нұрлан бапкердің бұл реттегі еңбегі де жемісін беруде. 2011 жылдан

бері жекпе-жек ұлттық спорт түрін дамуына улес қосып, түрлі додаларда топ жарып жүрген спортшыларды даярлап келеді. Соның бір дәлелі Расул Айдынұлы Төкелі қаласында өткен Қазақстан Республикасының турнирінде, Талдықорған қаласының ашық турнирінде, Көксу ауданының ашық біріншілігінде, Алматы облысының чемпионатында алтын медальдар иеленген. Расул спортта гана емес, оқуда да үлгілі шәкірт. Бұл орайда сынып жетекшісі Айна Амангелдіқызы: – Расул мектебіміздің мақтаншысы. Спортта қаншама жетістікке жетіп жүрсе де, сабағын бір ақсатып көрген емес. Барлық пәнді тек беске оқытты, белсенді, озағ оқушы, – дейді. Біз де өз тарапымыздан шынашақтай гана намысты ұлға биік шыңдарды бағындыра беруді тіледік.

Президенттің тапсырмасы: Ажимуратов Б. А.
Секретарь слушания: Луданова Е. В.

